

«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
менгерушісі А. Е. Жаңағайым



Қаралды: 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің наурыз айына арналған циклограммасы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Топ: Ересек «Ақбота» тобы
 Балалардың жасы: 4 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі : 03.03 – 07.03.2025ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Ж.Ж.Сағизбаева

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека №6 <i>Дид ойын:</i> «Жыл мезгілдері» <i>Мақсаты:</i> Балалар жыл мезгілдері туралы түсініп, мезгілдерді атауларын атай алады.	Картотека №7 <i>Дид ойын:</i> «Мамандықтың бәрі жақсы» <i>Мақсаты:</i> Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, еңбекті құрметтеуді түсінеді.	Картотека №10 <i>Дид ойын:</i> «Жол элпнесі» <i>Мақсаты:</i> балалар көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол белгілерін түсінеді.	Картотека №4 <i>Дид ойын:</i> «Құстар біздің досымыз» <i>Мақсаты:</i> Балалар құстар туралы өз ойларын айта алады.	Картотека №14 <i>Дид ойын:</i> «Кімге не керек» <i>Ойынның мақсаты:</i> Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта алады.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сойлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Отбасында гүліміз, Қоңілді өтер күніміз. «Қайыраы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.</i>	<i>Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық</i>	<i>Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.</i>	<i>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Қоңілді боп жүрейік!</i>	<i>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Ой қозғау. Балалар көктем мезгілі келе жатыр. Біз қыс мезгілімен қоштасамыз. Қыс мезгілі несімен ұнады? Қысқа рақмет айтып қоштасайық. Қыс аппақ қарың үшін рақмет! Қыс қызықты ойындарың үшін рақмет! Қыс тап-таа ауаң үшін рақмет! Қыс бәріне рақмет. Ой дамыту. Балалар көктем мезгілі келе жатыр, орманда не болып жатыр екен, орманға саяхатқа барғыларың келе ме? Б: Ия Саяхат тәртібін білеміз бе? Өзін ұстау ережелері -Ағаштардың бұтақтарын сындырма; -Гүлдерді жұлма; -Саңырауқұлақтарды баспа; -От жақпа; -Орманға жалғыз баруға болмайды. -Жүгіруге болмайды. -Асығуға болмайды.</p>	<p>Сұрақ- жауап. бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Жақсы, қуанышты, көңілді. Қызығушылықты ояту. Бүгін мен ертегідей түс көрдім, бірақ ондағы оқиға түсініксіз болды. Мен қазір сендерге айтамын, ал сендер менің түсімді шешуге көмектесесіңдер ма? Ой қозғау. «Шашына жапырақтары мен қар тамшылары өрілген әдемі кейіпкер көрдім. Ол сиқырлы таяқшасын сілтеді де, қар еріп, жапырақтар гүлдей бастады. Қызық, бұл сұлу, сиқыршы кім?(Көктем) Білім жаңарту. Демек бізге енді қандай мезгіл келеді? (Көктем). Менің түсімді анықтауға көмектескендеріңіз үшін рахмет. Ендеше Көктем орманына саяхат жасаймыз ба? АҚТ технологиясымен жұмыс. Көктем айлары қалай аталады? (наурыз сәуір мамыр). -Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Балалар, бүгін біздің топқа посылка келді. Онда не бар екенін білгілерің келе ме? Балалар: Иә. Тәрбиеші: Енді ашып, ішінде не бар екенін білейік. Педагог пакетті ашып, қораптан жапырақшалары жабық гүлді шығарады. Балалар, міне, тағы бір жазба. Педагог жазбаны ашып оқиды Сәлем балалар, қатты мұңайып, көктемді асыға күтемін, бірақ ол әлі келмеді. Көктемнің жолын табуға көмектесіңдерші. Бұл қар бүршігі. Балалар Ақшақарға жапырақшаларды ашуға көмектесе ме? 1-Жапырақшаның тапсырмасы. Дид ойын: «Суреттерді жина» Қыс пен көктемнің бір-бірімен суреттері араласып кетті, суретті жинау керек. 2 - Жапырақшаның тапсырмасы.</p>	<p>Тосын сәт. Аудио дыбыс. Торғай ұшып келеді. Хат әкеледі.(қағаздан жасалған торғайды ағашқа байлап көрсету) Тәрбиеші: (хатты оқиды) Құрметті балалар мен көктем ханшайымымын. Бір зұлым сиқыршы келіп, менің айларымды араластырды. Маған көмек керек. Біз көктемге қалай көмектесе аламыз? Көктемнің ағайынды үш айы қандай? Дид ойын: «Айлар шатасты» Шарты: балалар тақтада жұмыс істейді. Адамдар бұл айларды қалай атайды? Наурыз Сәуір мамыр Дид ойын: «Қандай сөз жасырылған?» Шарты: Пазлдармен жұмыс. Жасынған жұмбақты табу. 1. Гуілдейді құлаққа Оны ешкім көрмейді. (Жел) 2. Үстімізде шексіз көк әлем</p>	<p>Ғажайып сәт О қараңдар! Кішкентай аю бізге қонаққа келді. Ол кішкентай және көктемді көрмеген, ол көктем туралы толығырақ айтып беруімізді сұрайды. Бұл уақытта аюдың күшігі қысқы ұйқыға кеткеннен кейін ғана оянады және көктемнің алғашқы белгілері туралы білгісі келеді. Ой қозғау. Қане қонжыққа көктемнің алғашқы белгілерін айтайық? -құстар жылы жерден қайтып келеді, -бұлақтардан сылдырлап су ағады, -мұздар еріп, тамшылар пайда болады, -ағаштар бүршік жарады.</p>
--	---	---	---	---	---

<p>Баяу әуен ойнайды. Орманға да келдік балалар жан –жаққа назар аударайықшы табиғат қандай керемет, қазір күн жылынды, көктем мезгілі келе жатқанын білуге болады. . Балалар, қарандаршы мынау кірпінің ізі ғой. Балалар, қарандаршы мына жерде суреттер жатыр, сірә кірпі мына суреттерді бізге тығып кеткен болар.</p> <p>Суретпен жұмыс. Тәрбиеші суреттерді тақтаға іліп әңгімелейді. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі. Ой дамыту. - Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді Дид ойын: «Жалғасын тап» Жансыз табиғат -</p>	<p>Қар ериді. Күн ұзарып барады. Күн жылынады, ағаштар бүршік жарады. Көктемнің келуімен айнала да сұлулық пайда болады. - Көктем қандай? сипаттау. Жылы, жасыл, шуақты, хош иісті. Дид ойын: «Жыл мезгілдері» Балалар қарандаршы мына суреттерден не көріп тұрсыңдар. Қыс, көктем, жаз, күз. -Дұрыс. Балалар, табақтарға әр жыл мезгілінің белгілері бейнеленген суреттер салынады. Көктем, жаз, күз, қыс мезгілдерінің белгілерін ажыратып айтып беру керек. - Ал көктемде жануарлардың тіршілігі қалай өзгереді? Дид ойын: «Жануарлар мен төлдер» Шарты: Мен сендерге жануарларды қоямын, ал сен олардың төлдерін қоясыңдар. сиыр (бұзау), қасқыр (бөлтірік), қоян (көжек), аю (аюдың күшігі), түлкі (мыршай), тиін (тиін) Тәрбиеші: - Жарайсыңдар балалар. Балалар, көктемгі орман өте әдемі. Қарандаршы, күн</p>	<p>Дид ойын: «Көктемде не болады?» Шарты: Бұл жапырақ бізді табиғатта көктемде не болатынын көруге шақырады. Тақта №1 Балалар: Төбелерден мұздар тамшылайды. Осы тақырыпта суреттер құрастыру. Тақта №2 Балалар: Қар еріп жатыр. Тақпақ айту. Көктем келді көгілдір, Жыл құстары сайрады. Қар ериді, қыс кетті, Жауқазындар көктеді. №3 слайд. Балалар: Гүлдер пайда бола бастады. Дәстүрден тыс, трафарет арқылы гүлдер суретін салу. №4 слайд. Балалар: Құстар ұшып келеді. Көктем фонына құстар суретін жапсыру. №5 слайд Балалар: Ағаштар бүршік жарды. Ағаш суретіне ермексаздың жасыл түсімен бүршік салу. Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Бізде екі жапырақ дайын.</p>	<p>(Аспан) 3. Сен бар әлемді жылытасың, Шаршауды еш білмейсің, Терезеден күллімдейсің, Сенсің кәдімгі... дейтін. (Күн) 4.Гүл гүл жайнап жер аспан Гүрілдейді сайда өзен Гүлжазира жарасқан Гүлдерімен қай кезең? Көктем) Ақт технологиясымен жұмыс. Көктем құбылыстары көктемнің суреті. әр түрлі кезеңдердегі көктем құбылыстарын бейнелейтін слайдтар көрсету: жануарлар, құстар, өсімдіктер Ой қозғау. көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады. -Аспан қандай? (балалардың жауаптары) -Ал күн? (балалардың жауаптары) -Қарға не болады? (балалардың жауаптары) Өзенде қандай өзгерістер болып жатыр? (балалардың жауаптары) - Ағаштар не болады? Неліктен көктемде құстар көп болады? - Құстар немен</p>	<p>Енді тақтаға қарандаршы, бұл бірінші ояңған гүл қалай аталады? (Бәйшешек) Бәйшешек туралы тақпақ білеміз бе? Көктем лебі тұр есіп, Жапты жаңа гүл қырды: Қар астынан дүр өсіп, Бәйшешектер құлпырды. Тұңғыш гүлін көктемнің Аялап тұр көктем күн. Сергіту сәті. Музыкамен. Көктемде жылы жақтан құстар ұшады дедік, құстардың әнін тыңдайық. Дид ойын: «Көшпелі құстар» Шарты: Мен сендерге қоныс аударатын құстар деп атап, суреттерін көрсетсем, алақандарыңды соғасыңдар. Шығармашылық</p>
---	--	---	--	---

<p>Жанды табиғат - Жанды табиғат жансыз табиғатсыз (тіршілік ете алмайды) Суреттерге сөйлем құрау. Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам» Шарты: Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзуға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйым салынғанын суреттерден айырып жинау. Балалар, бәріміз топқа қайтатын кез келді. Бір, екі, үш, төрт, бес, Аяқты басамыз тез тез... Қортынды Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс. Балаларды мадақтау.</p> <p>Дене тәрбиесі Ойын жаттығулары...</p> <p>1. «Шана жарысы». Ойыншылар (бірінші қатар) шананы бір сызыққа қойып,</p>	<p>қалай жарқырап тұр. Ал енді біраз демалып алайық. Балалар, мен қазір музыканы қосамын, сендер музыка тоқтаған кезде экранға қарап, сәулелер санына қарай жұп болып тұрасыңдар. Сақ болыңдар. (3,2,1) Балалар сендер тамашасыңдар, күн сендерге өз сәулелерін береді. Бізге саяхаттан қайтатын уақыт келді. Ғажайып сәт Мұнда бірнеше суреттер мен түрлі-түсті шеңберлер тұр. Және тапсырма жазылған тағы бір хат. Онда не жазылғанын және кімнен екенін көрейік. Хат: Балалар, әр жыл мезгілі өзінше тамаша, өзінше бай. Менің әпкелерім туралы көп білетіндеріңді білемін. Сәулелеріңіздің түсіне қарай жұпқа бөлініп, дұрыс түстің шеңберіне өтуді ұсынамын. Біз туралы не білетіндеріңді айтыңдар. Сіздерге сәттілік тілеймін. Сендердің көктемнің. -Ал, балалар қыс, көктем, жаз, күз туралы не айтады? Сәулелеріңнің түсіне қарай жұпқа бөлініп, орнымызды</p>	<p>Тәрбиеші: Үшінші гүл жапырақшаны ашу үшін көктем туралы әңгіме құрастыру керек. Көктемнің белгілерін қараймыз. Барлық суреттерді пайдалана отырып, өз ойымызды айтамыз.</p> <p>Тәрбиеші: Гүліміз жапырақшасын ашып қалды. Міне, соңғы гүл жапырақшасы ... Қандай тамаша маусым - көктем. Көктем туралы музыка тыңдағыларың келе ме? (музыка тыңдау) Музыка ұнады ма? Осы әдемі әуенді тыңдағанда не естідіңдер? Балалар: Тамшылар шырылдап, мұз айдыны тамшылап, бұлақ сыбдыры, торғайлар қуана сайрап жатыр. Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, біздің гүл жапырақшаларын ашты, оның көңілі көтерілді, өйткені оның қазір достары көп, көктемгі күннің шуағы қалай жарқырайды. Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>қоректенеді? Үстелдегі жұмыс (Слайд: көктем туралы суреттер) Балалар, суреттерге мұқият қарап, біреуі бойынша көктем туралы әңгіме құрастырыңдар. Сергіту сәті Музыкамен «Көктем» Тәрбиеші: Мен сендерге осы музыканы қайта қосып беремін, ал сендер көңілді бұлт пен күн сәулесін жасаңдар. Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Көңілді көктем» 1-топ: Аспан әлемін құрастыру. 2-топ: Аспан әлеміне күнге сәулелер жапсыру. 3-топ: Бұлттың суретін ашық түспен бояу Шарты: аяқталмаған шығармамен жұмыс істейді; педагог қажет болған жағдайда балаларға көмектеседі. Жарайсыңдар. Көктемде әр үйге күн нұрын шашып, одан әрқашан нұр мен жылу келсін. Осы жұмыстарымыздың бәрін көктемге түсіріп жіберейік. Тақпақ: «Көктем»</p>	<p>бұрыш. Мына үстелге қарайық. Онда не жатыр? Иә, боялған ағаш, бірақ бір көңілсіздік бар сияқты. Неге? безендірілмеген, тек діңгек. Дұрыс, безендірілмеген және қызықсыз, біз қонжыққа көктемді ағаштарды түсіндіру үшін оны безендіруіміз керек. Көктемгі ағашты еске түсірейік. -Оның үстінде бүршіктер пайда болады, құстар ұшады, астында алғашқы гүлдер пайда болады. Осының бәрін безендіріп қонжыққа көрсетейік. Ұжымдық жұмыс «Көктем ағашы» Жұмыстың қысқаша мазмұны: Балаларды отырғызу. Балаларға арналған сұрақтар. Қайшымен және</p>
---	--	---	---	---

	<p>аяқтарын жерге түсіре отырып, олардың үстінен отырады. Педагогтың белгісі бойынша: «наурыз!» - ойыншылар аяғымен итеріп, белгіленген жерге (қашықтық 8-10 м) шанамен қозғалады. Педагог мәреге ең жылдам жеткендерді белгілейді. Содан кейін екінші дәрежелі балалар сайысқа түседі. Ойын 2-3 рет қайталанады.</p> <p>2. «Ұсталмаңыз».</p> <p>3. «Көпірде»... Өзіңіздің қолыңызбен еркін теңдестіріп, қар білігінде жүру.</p> <p>3 бөлім. «Жұптасып ұстаушылар» ашық ойын</p> <p>Бір-бірден бағанда жүру.</p>	<p>алайық. Шығармашылық бұрыш. 1-топ: Қыс мезгілін құрастыру. 2-топ: Көктем мезгіліндегі ағаштарға мақта таяқшасы арқылы бүршік салу. 3-топ: Жаз мезгілінде піскен, өзіне ұнаған жемісті мүсіндеу. 4-топ: Күз мезгіліндегі жапырақтарды жапсыру. Менің «Бастау» деген сигналым бойынша тапсырмалардағы өз суреттерің бойынша әңгіме құрастыру..</p> <p>Рефлексия. Жарайсыңдар балалар, тамаша әңгіме. Ілгері жүру. Балалар, қараңдаршы, мұнда не сызылған? (чемодан, себет және ет тартқыш) - Дұрыс. Балалар, енді сәулелеріңді алыңдар, егер бүгін көп нәрсені үйрендім, қызық болды деп ойласаңдар, онда сәулелеріңді чемоданға салыңдар. Егер сізге бірдеңе қиын болып көрінсе, онда сәулені ет тартқышқа салыңыз. Ал егер сізді ештеңе қызықтырмаса, менің көмегім қажет болса, оны қоқыс жәшігіне</p>	<p>Музыка Жетекшісімен</p>	<p><i>Көктем болды алақай</i> <i>Қуанар барлық балақай.</i> <i>Көктемде жаңбыр болады,</i> <i>Бақшаға гүлдер толады.</i> Қорытынды: Балаларды мадақтау. Қортынды</p> <p>Дене тәрбиесі Кішкентай доппен жалпы дамыту жаттығулары. 1. б.қ.: Негізгі стенд, төмендегі оң қолдағы доп. 1 - қолды екі жаққа; 2 - қолды көтеру, допты екінші қолға беру; 3 - қолды екі жаққа; 4 бастапқы қалыпқа оралу (6-7 рет). 2. б.қ.: Аяғы бөлек, доп оң қолында төменде. 1 - оң аяққа еңкею; 2-3 - допты сол аяққа, содан кейін оңға айналдыру; 4 - бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет). 3. б.қ.: Тізе бүктіру, екі қолда доп. 1-2 - өкшеге отырып, денені оңға бұру, еденге доппен тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу. Солға сол жақта (5-6 рет). 4. б.қ.: Еденде отырып, доп аяқтың ыңырлауының арасында қысылған, қолдар артта тірек. 1-2 - допты тастамауға тырысып, түзу аяқтарды жоғары көтеру; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу (5-</p>	<p>желіммен жұмыс істеу ережелері. Практикалық жұмыс (бүктеу арқылы бөлшектерді кесу) Ермексаздан гүлдер жасау, Ұшып жүрген құстарды құрастырып жапсыру, жасыл шөптерді бояу. Өз бетінше әрекет (бөлшектерді құрастыру, жапсыру, толық сурет құру) Рефлексия. Сендер қандай жақсы балаларсыңдар! Ағаш қазір өте әдемі! Енді қысқы ұйқыға кеткен барлық жануарлар осы ағаштың астына жинала алады. Кішкентай аюға біздің ағаш өте ұнады, ол көктем туралы әңгімелер үшін және осындай әдемі жұмыс үшін рахмет. Аю баласымен</p>
--	--	--	--	---	--

		<p>салыңыз.</p> <p>Дене тәрбиесі Ойын жаттығулары...</p> <p>1. «Шана жарысы». Ойыншылар (бірінші қатар) шананы бір сызыққа қойып, аяқтарын жерге түсіре отырып, олардың үстінен отырады. Педагогтың белгісі бойынша: «наурыз!» - ойыншылар аяғымен итеріп, белгіленген жерге (қашықтық 8-10 м) шанамен қозғалады. Педагог мәреге ең жылдам жеткендерді белгілейді. Содан кейін екінші дәрежелі балалар сайысқа түседі. Ойын 2-3 рет қайталанады.</p> <p>2. «Ұсталмаңыз».</p> <p>3. «Көпірде»... Өзіңіздің қолыңызбен еркін теңдестіріп, қар білігінде жүру.</p> <p>3 бөлім.</p>		<p>7 рет).</p> <p>5. б.қ.: арқаңызда жатып, доп түз қолыңызбен бастың артында. 1-2 - түзу қолды және оң аяқты алға көтеру, оны доппен ұстау; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяғымен бірдей (6-7 рет).</p> <p>6. б.қ.: Аяғы сәл алшақ, доп оң қолында. 1 - допты еденге соғып, екі қолмен ұстап алу (қатарынан 8-10 рет). Қозғалыстардың негізгі түрлері.</p> <p>1. Тепе-теңдік - арқанда басымен қаппен, қолды белбеумен жанынан адымдап жүру (2-3 рет).</p> <p>2. Обручтан құрсауға секіру бір-бірінен 40 см қашықтықта орналастырылған (6-8 шеңбер) - 2-3 рет.</p> <p>3. Допты бір-біріне лақтыру және қатардың ортасында еденнен секіргеннен кейін оны ұстап алу. Бір қолыңызбен лақтырыңыз, ал екі қолыңызбен ұстаңыз (10-12 рет).</p> <p>3 бөлім. «Өрт сөндірушілер жаттығуда» ашық ойын. «Доп жүргізушіге» үлкен доппен эстафета.</p>	<p>қоштасып, Аю Анаға баруға рұқсат етейік.</p> <p>Музыка Жетекшісімен</p>
--	--	---	--	--	--

		<p>«Жұптасып ұстаушылар» ашық ойын</p> <p>Бір-бірден бағанда жүру.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Шаттық шеңбер</p> <p>Сәлем саған алтын күн! Сәлем саған көк аспан! Сәлем саған жер-ана! Сәлеметсің бе, достарым! Доптың көмегімен балалардан көңіл-күйлерін сұрау</p> <p>Тосын сәт.</p> <p>Айгерім қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Суреттегі қандай ертегі екенін білмей жатыр екен. Көмектесеміз бе?</p> <p>Ой дамыту «Суретпен жұмыс»</p> <p>Бұл қандай ертегі? Осы ертегіні суреттеріне қарап айтып беріңдерші? Балалардың жауаптары. Балаларды мадақтау.</p> <p>Миға шабул. Жұмбақ жасыру.</p> <p>Өзі бір қу, Жүрген жері айғай- шу.(түлкі)</p> <p>Тақтамен жұмыс. Тақтаға түлкі мен түлкішектер бейнеленген сурет ілу. - Мына суретке қараңдаршы, мұнда не</p>			
--	--	--	--	--	--

		<p>бейнеленген? -Түлкінің баласын қалай атайды? -Түлкі қандай? -Өте жақсы. Олай болса мен сендерге бүгін түлкі туралы тағы бір ертегіні оқып беремін. Ертегі «Түлкі мен ешкі» ертегі. Сурет көрсете отырып айтып беру. Ой қозғау. Мазмұны бойынша сұрақтар қою: Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? Түлкі қайда түсіп кетеді? Ол құдықтан қалай шығып кетеді? -Ал, ешкі қандай? Ешкі кімнің сөзіне алданып қалады? - Не себептен? -Құдық қандай екен? Түлкінің жасағаны дұрыспа?Неге? Балалардың жауаптары Сергіту сәті: Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір, екі, үш деп айтайық, Саусақтарды тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. Дидактикалық ойын. «Ертегі құрастыр» (пазл)</p>			
--	--	---	--	--	--

Серуенгедайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.	Серуен № 18 Күннің көзін бақылау.	Серуен № 12 Аула сыпырушы еңбегін бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 10 Күнді бақылау.
Көктем серуен картотекасынан					
Серуенненоралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгіұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	№ 3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз – «қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№5. "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	№7. «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					

Бесінас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапта р қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Бұрыштарым жоқ менің, Дөңгелекте емеспін, Ұқсаймын мен денеге Кім табады, бұл не? (Сопақша) Үш төбесі бар көрінген Үш бұрышы мен үш беті Жауабын кім шешеді? (Үшбұрыш) Әр жұмбақты шешекен сайын жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға сұрақтар қойылады. -Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер? -Дөңгелектен айырмашылығы? -Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды?</p>	<p>Санамақ 1-дегенім бесік Шықтым содан өсіп. 2-дегенім елім Өзен, тауым, көлім. 3-дегенім үміт. Үміт артар жігіт. 4-дегенім төзім. Төзе білем өзім. 5-дегенім бақыт . Бағалайтын уақыт. «Пішінді құрастыр» Шарты: Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.</p>	<p>«Кім тапқыр?» Балаларға логикалық тапсырмалар беріледі. 1. Табақта бір алма, Қолымда екі алма. Барлығын қосқанда, Шығады неше алма? (3) 2. Үш алмұрттың біреуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалады? (2) 3. Ақ балапан, Сары балапан. Шұбар балапан, Қара балапан. Барлығы неше балапан? (4) 4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? (1) 5. Құста неше тұмсық бар?(1) 6. Адамда неше көз бар?(2) 7. Үшбұрышта неше бұрыш бар?(3) 8. Қоянның неше құлағы бар?(2)</p>	<p>Дид ойын: «Жол картасын бейнеле» (үлкен көлемде жайылған жасыл немесе көк мата) Шарты: Берілген заттарды өз өз орнын тауып қоя білу. Мыс: Күн жоғарыда, гүл төменде..... Дид ойын: «Құлыншақты дұрыс қой» Үлестірмелі материал: (жолақтар: қызыл – 10х3 см, көк – 15х3 см, 4 құлыншақ). Қай жолақ қысқа, ал қайсысы ұзын екенін салыстырып көріңдер. Қысқа жолаққа бір құлыншақты, ал ұзын жолаққа көп құлыншақты қоюларын ұсыну – Бір құлыншақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? Көп құлыншақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма</p>	<p>Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру «Бұл қай кезде болады» Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз Бұл қай кез болады балалар? (таңертең) Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. (Күндіз) Біз тәртіпті баламыз Сабақты да оқимыз Серуенге шығамыз, қыдырамыз - Бұл қай кез? (Түс) Ұйқыдан тұрып, беті- қолды жуып Төсекті жинап тазалықты сақтап, Таза ауа жұтып, кешкісін үйге қайтамын Бұл қай кез? (Бесін) · Күн батады қызарып, Мамамызды күтеміз</p>

					<p>Бұл қай кез? (Кеш) Үйге келіп кино көріп Ойыншықтарды жинастырып Беті-қолды жуып,тісімді тазартып Ұйықтауға жатамын Бұл қай кез? (Түн)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Айша Дид ойын: Сан жаттығу: Шарты: Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды санау «Деньеш блогтары» Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады.</p>	<p>Қасым Дид ойын: ойын: «Көлеңкесін тап» Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.</p>	<p>Болатбек Дид ойын: ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды. Шарты: Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып ерекшеліктерін айтады.</p>	<p>Аяла Дид ойын: «Артығын тап» Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып, не артық екенін айтады.</p>	<p>Айдай Дид ойын: «Шатастырма» Көктемде қар жауады. Қазір күз мезгілі? Көктемде қар ериді? Көктемнің бірінші айы- наурыз Қыста жапырақтар сарғаяды? Жылмезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. Жаз ең суық жыл мезгілі? Күзде бәйшешектер өседі? Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Жазда балалар оқиды?</p>

Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	Серуен № 17 <i>Ауа райын бақылау.</i>	Серуен № 18 <i>Күннің көзін бақылау.</i>	Серуен № 12 <i>Аула сыпырушы еңбегін бақылау.</i>	Серуен № 11 <i>Құстарды бақылау.</i>	Серуен № 10 <i>Күнді бақылау.</i>
Таңғы серуенді бекіту.					
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.</i>	<i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.</i>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Топ: Ересек «Ақбота» тобы
 Балалардың жасы: 4 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі : 11.03 – 14.03.2025ж

Қаралды: 
 Әдіскер: Ж.Ж.Сағизбаева

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>			
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Картотека №3 Дид ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы біледі, мезгілдердің атауларын айта алады.</i>	<i>Картотека №11 Дид ойын: «Мамандықтың бәрі әсақсы» Мақсаты: Балалар әр түрлі мамандықпен таныса отырып, мамандық иелерін ажырата алады.</i>	<i>Картотека №5 Дид ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады.</i>	<i>Картотека №1 Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінің айта алады.</i>
	<i>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан</i>			
Таңертеңгі жаттығу	<i>Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>			
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайталмыз.</i>	<i>Кәне, кәне турайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық</i>	<i>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</i>	<i>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	<i>Қызығушылықты ояту. Бүгін таңертең мен «.....» балабақшасының</i>	<i>Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Ойлап тап» Бұл қай кезде болады?</i>	<i>Ой қозғау. Б.Серікбаев «Көктем келді» -Күн, неге күркіреді?</i>	<i>Қызығушылықтарын ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Аудио дыбыс.</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Бүгін таңертең мен «.....» балабақшасының балаларына» деген жазуы бар конверт тауып алдым. Бұл сиқыршыдан келген болуы керек. Мен сендерді күтіп, конвертте не бар екенін көрейін деп шештім.</p> <p>Конвертті ашу. Ой қозғау. Қараңдаршы мұнда кітап бар екен. Бұл ертегі кітап екен. Онда қандай ертегі жасырылғанын білгіңіз келе ме? (Иә) Төрт мезгіл суреттерін шығару. Сұрақ-жауап. Әр мезгілдің суреті бойынша қандай мезгіл екенін сұрау. Ертеде төрт мезгіл болған: қыс, көктем, жаз, күз. Олар бірге өмір сүріп, бүкіл әлемді кезекпен басқарды: үш ай - қыс, үш ай - көктем, үш ай - жаз және үш ай - күз. Бірақ бір күні Қыс өзін ең маңызды деп шешті және Көктемге жол бергісі келмеді. Өсімдіктер қар жамылғысының астында жата берген соң олар қатты уайымдайды. Құстардың ән айтуы тоқтайды. Адамдар суықтан шаршайды. Күз бен жаз мазалайды. Ал Көктем: Ешқандай уайымдамаңдар, менде суықты жеңуге көмектесетін керемет бар дейді. Ой балалар одан әрі ештеңе жоқ.</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Ойлан тап» Бұл қай кезде болады? Жұмбақ жасыру Қар еріп, су ағады, Сарқырап сайға толады. Күн ұзарып жылиды, Бұл қай кезде болады? (көктем) Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Көктем мезгілі туралы түсінік беру. -Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады? Қар ериді, ағаштар бүршік жарады.</p>  <p>Құстар ұшып келеді -Құстарға қандай қамқорлық жасаймыз?</p>  <p>Көктем мезгілі қай мезгілден соң келеді?</p>	<p>Ой қозғау. Б.Серікбаев «Көктем келді» -Күн, неге күркірейді? -Көктем келді, көктем келді! -Жаңбыр, неге сірікірейді? -Көктем келді, көктем келді! -Бұлақ, неге сылдырлайды? -Көктем келді, көктем келді! -Құлын, неге құлдырайды? -Көктем келді, көктем келді! -Гүлдер, неге жайнайды? -Көктем келді, көктем келді! -Құстар, неге сайрайды? -Көктем келді, көктем келді! Міне, балалар, көктем келгеніне табиғат та, жануарлар да не істеп жүр? АҚТ технологиясымен жұмыс. Көктемнің алғашқы айы — Наурыз. Бұл айда күн жылынып, қар еріп, жылғалардан су ағады. Бұтақтар бүршік жарып, жер көктейді. Жаңбыр жауып, күн күркірейді. Малдар төлдейді. Құстар жылы жақтан ұшып келеді. Күн ұзарып, түн қысқарады. Балалар көктем мезгілінің алғашқы күн дерінде қандай мерекені тойлады? Қандай мереке келе жатыр? 8-Наурыз аналар мерекесі. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі жаңа жылымыз бар. Дид ойын: «Көктем гүлдері» Шарты: Дәстүрден тыс</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Аудио дыбыс. Дид ойын: «Ненің даусы?» Шарты: Үнтаспадан құстардың сайраған дауысы, судың сылдырап аққан дауысы естіледі. -Ненің дауысын естіп тұрсыңдар? -Оны естігенде көз алдарыңа не елестейді? Ой қозғау. Сұрақ – жауап -Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Көктем мезгілі сендерге ұнай ма? Көктем өрнегі Е.Өтетілеу ұлы. Өлең жолдарын оқып, түсіндіру. Қар еріді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті Түкті кілем сияқты. Бір қадам әдісі арқылы өлеңді жаттау. Дид ойын: «Жақсы мен жаман» Мақсаты: Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру.</p>
--	---	--	--	--

<p>Бірақ конвертте жарық, от және күн бейнеленген карточкалар бар. Осылардың қайсысы Көктемге көмектесетін керемет болуы мүмкін деп ойлайсыз? (Күн) Расында, күн – ең мейірімді я.</p> <p>Күн туралы не айта аламыз? Күн мейірімді, жылы, шуақты, күлімсіреп тұрады.</p> <p>Күн не үшін керек? Адамдарға, жануарлар, құстар, өсімдіктерге, ағаштарға керек.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Енді біз сендермен ойнаймыз, сендер кішкентай самалсыңдар, мен сендерге жел таңбасын көрсеткенде дыбыс шығарасыңдар</p> <p>Тәрбиеші: Самал жел соқты, күн өзгерді. Бұл не? (көңілсіз, көңілсіз т.б.)</p> <p>Күн неге қабағын түйді? (оны бұлттар жауып тұрды)</p> <p>Тәрбиеші: Күнге көмектесейік, Аспандағы бұлттарды таратайық. Бұлттарға үрлейік (мұрынмен тыныс алу – ауызбен шығару, ауызбен дем алу – ауыз арқылы шығару).</p> <p>Бұлттарды қуу үшін біз тапсырмаларды орындауымыз керек.</p> <p>Бірінші тапсырма.</p> <p>Мына үлкен қара көк бұлтты қиып, онан будақ –будақ бұлттар жасаймыз. Солай бұлттарды таратамыз.</p>	 <p>Балалар қазір сендер сиқыршы боласыңдар.</p> <p>Дид ойын: «Суретті жандандыр»</p> <p>Көктем мезгілін суреттер арқылы жандандырасыңдар.</p> <p>Балаларды топқа бөлу.</p> <p>1-топ. Қыс мезгілімен көктем мезгілінің суреттерін өз орнына қою.</p>  <p>Дид ойын: «Көктем ағашы»</p> <p>Шарты: Көктем мезгіліндегі ағашты салу.</p> <p>Жұмыс барысы: Сұрақ – жауап. Көктемде ағаштарда қандай өзгеріс болады?</p> <p>Неліктен бірінші бүршік шығады? Мақта таяқшасымен ағаш бұтағына бүршік салу.</p> <p>2-топ: Дид ойын: «Суреттерді жина»</p> <p>Шарты: Көктем мезгіліне байланысты суреттеі құрастырып, шыққан суретке сөйлем құрайды.</p> <p>Суретке сөйлем құрау.</p>	<p>трафарет арқылы гүлдер суретін салу, мақта таяқшасымен бояу.</p> <p>Суреттермен жұмыс.</p> <p>–Көктемде құстар келеді.</p> <p>Көктемде келетін құстарды қалай атайды?</p> <p>Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.</p> <p>Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет»</p> <p>Шарты: Суреттерден жыл құстарын ажыратып көрсету.</p> <p>Дид ойын: «Ұя»</p> <p>Шарты: Геометриялық пішіндерден ұя құрастырып, жапсыру.</p> <p>Жаңылтпаш айту.</p> <p>Мағынасын түсіндіру.</p> <p>Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді.</p> <p>Балалар жай, жылдам қайталайды.</p> <p>Дид ойын «Құстар не істейді»</p> <p>Құстар ұшады.</p> <p>Құстар не істейді?</p> <p>Құстар ұя жасайды.</p> <p>Дид ойын: «Құстарды тамақтандыр»</p> <p>Шарты: Ермексаздан құстарға дән жасау.</p> <p>Жұмыс жасау жолдарын</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1) Көшет отырғызу. 2) Ағаштарды сындыру. 3) Құстарға жем шашу. 4) Құстың ұясын бұзу. 5) Ағаштарға су құю. 6) Гүлдерді жұлу. 7) Құстарға ұя жасау. <p>Балаларды мадақтау.</p> <p>Дид ойын: «Көктем белгісі»</p> <p>Шарты: Көктем мезгілінің суреттерін ретімен қою.</p> <p>Шығармашылық бұрыш.</p> <p>Дид ойын: «Көктем өрнегі»</p> <p>Шарты: Өз еркімен шығармашылық жұмыс бақылау.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Балалар не туралы әңгімелестік? Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады екен?</p> <p>Музыка Жетекшісімен</p>
---	---	---	---

2- тапсырма: Қиған бұлттарды ашық түске бояймыз.

Міне бұлттар күннің бетін ашты. Шапалақ. Қуану.

Қараңдаршы, біз аспандағы барлық бұлттарды тараттық. Күнге назар аударайық, ол әлі көңілсіз. Балалар, қалай ойлайсыңдар, неге көңілсіз. Демк оның шуақтары жоғалып кеткен бе?

Қане күннің шуақтарын құрастырып берейік.

Алақай Күн бізге күлді?

**Дид ойын: «Көктемгі сөздердің отбасы»
Доппен.**

Мен саған допты лақтырып, сөзді атаймын, ал сендер допты ұстап алып, сол сөзді қайталайсыңдар, бірақ оның алдына көктем сөзінің қажетті түрін қой.

Мысалы, күн – көктем күні; ауа райы көктемгі ауа райы,

Сөздер: көңіл-күй, еріген, найзағай, жаңбыр, айлар, орман, шөп, аспан, гүлдер, ағаштар, күн, ауа-райы, бұлақ, т.б.

Ой дамыту.


Мнемокестемен жұмыс.

Көктем келді. Күн жылынып, жарқырай бастады. Күн сәулесінде мұздар ери бастады.

Бұлақтар ағып, өзендерде мұздар жылжи бастады. Алғашқы гүлдер пайда болды.

Балалар, көктемнің алғашқы

Мнемо кесте көктем туралы әңгімелеу



Қортынды

Мнемо кесте арқылы ұоқ қортындылау.



Балаларды мадақтау.

Музыка

Жетекшісімен

түсіндіру.

Тақпақ. Көктем

Көкке бояп өңірді,
Көктем келді көңілді.
Бау – бақшада, орманда,
Құстар әні көңілді.

Балаларды мадақтау.

Дене шынықтыру

Жалпы дамыту жаттығулары.

1. б.қ.: Негізгі ұстаным, қолдар кеуде алдында бүгілген, алақан төмен. 1-3 - қолды екі жаққа қаратып үш базар; 4 - бастапқы қалыпқа оралу (6-7 рет).

2. б.қ.: Аяқтар алшақ, қолдар жоғары. 1 оңға еңкейту; 2 - солға қарай қисаю; 3 - оңға қарай еңкейту; 4 - бастапқы қалыпқа оралу (3-4 рет).

3. б.қ.: Арқаңызда жатып, аяғыңыз бүгіліп, аяғыңыз еденде, қолыңыз дене бойымен. 1-2 - жамбасты көтеру, еңкею; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет).

4. б.қ.: арқаңызда жатып, қолдарыңызды дененің бойымен, бір аяғыңызды жоғары және алға көтеріңіз. Аяқтардың орнын 1 - 4. ауыстырыңыз. Содан кейін

гүлдері қалай аталады? Оларды атаңыз. бәйшешек, лалагүл, т.б.)
Ендеше көктемнің арқашан қыстан кейін келетінінің басты себебі неде?

Күн жоғары көтеріледі, жарқырайды және күшейеді. Барлығыңды көгалға шығып, шеңберге отыруға шақырамын.

Қортынды.

Айтшы, сендерге көктем ұнай ма? Енді әрқайсың көктемді не үшін жақсы көретіндеріңді айтып бересіңдер.

Дене шынықтыру

Ойын жаттығулары.

1. «Дәл таяққа өт»... Балалар жұпқа бөлінеді, әрқайсысы хоккей таяғы мен бір шайба ұстайды. Аздап қимылдаған ойыншы шайбаны таяқтағы серіктеске береді, ал ол оны ұстап алып, сол қимылмен қайтарады. Педагог балалардың шайбаны доп тәрізді лақтырмауын, оны сырғанақ қимылмен бір-біріне беруін, бүкіл аймаққа еркін жайылуын қадағалайды.

2. «Қорғасын - зиян келтірме»...

үзіліс жасап, қайтадан қайталаңыз (еденге өкшеңізбен, аяғыңызбен тимаңыз) - 2-3 рет.
5. б.қ.: Еденде отыру, аяқтар алшақ, қолдар белде. 1 - қолды екі жаққа; 2 - оң аяққа еңкейту, саусақтарыңызды қолыңызбен ұстаңыз; Z - түзу, қолды екі жаққа; 4 - бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяқ үшін де солай (6 рет).

Қозғалыстардың негізгі түрлері

1. Жүгірумен биіктікке секіру

(биіктігі 30 см) - 5-6 рет.

2. Нысанаға сөмкелерді оң және сол қолмен лақтыру (иығынан) -

5-6 рет.

3. Түйреуіштер арасында төрт аяғымен жүру (2-3 рет).

3 бөлім.

Ашық ойын «Аюлар мен аралар». Доппен реле (үлкен диаметр

Ойыншылар үш-төрт бағанға тұрады, әрқайсысы таяқ пен шайба ұстайды. Педагог тапсырма береді: шайбаны бір қатарға орналастырылған түйреуіштер арасында ұстау (олардың арақашықтығы 1 м). Тәрбиешінің белгісі бойынша бағандарда бірінші болып тұрған ойыншылар басталады. Олар шартты сызықтан өтіп, ойыншыларға қарап тұра салысымен келесі ойыншы ойынға кіреді. Осылайша, сіз шайбаны сайттың екінші жағынан екінші жағына ауыстырып, өз бағаныңызда тұруыңыз керек. Тапсырманы дұрыс және жылдам орындаған команда (баған) жеңімпаз болады.

3 бөлім.

Ашық аспан астындағы ойын
«Оттықтар»,

Бағанада бірінен соң бірі жүру, шеңбер бойымен қалыптасу, төмен қозғалғыштығын ойнату
«Шыбындар - ұшпайды».

Қазақ тілі

Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.

Жадырайды жүздерің
Жарқырайды тобымыз
Қызығушылықты ояту.
Қандай әдемі қорапша!

Сұрақ-жауап:

Мына әдемі қорапшаның ішінде не
бар екенін көргілерің келе ме?

Олай болса ашып көрейік. Балалар
не көріп тұрсыңдар?

Түрлі-түсті асықтар.

Қандай әдемі асықтар!

Асық не екенін білеміз бе?



Асық – қазақ халқының ұлттық
ойыны. Асық төрт түлік малдың
сүйегінен алынады. Оның түрлері
көп. Асықтың өзі әртүрлі боп
бөлінеді. Алшы, тәйке, бүге, шіге,
омпы, шоңқай. Асықтың осы
тұрыстарынан оң жақ және сол
жақ екенін ажырата аламыз. Асық
ойыны – қазақ халқының ежелгі өте
кең тараған ойындарының бірі.

П/Ж ойын. «Кім тапқыр»

Қорапшаның ішіндегі асықтардан
тапсырма берілген

Сергіту сәті:

Секіреміз топ-топ,

Шапалақтап көп-көп.

Иілеміз оңға қарай бір, екі, үш,

	<p><i>Иілеміз солға қарай бір, екі, үш</i> 1-тапсырма. 1. Асық қандай жануарлардан алынады? 2. Ұлттық асық ойындарының қандай түрлерін білесіңдер? 3. «Сақа» деп қандай асықты айтамыз? 4. «Ханталапай» ойынының шарттарын атап беріңдер? 5. «Асық ату» ойыны қалай ойналады 2-тапсырма. «Кім шапшаң?» Міндеті: Карточкада берілген сандарды әр түсіне қарай орналастыру, санау. 3-тапсырма. «Санамақ» Міндеті: Балалар қолдарына берілген асықтарды ілгері кейін санап үйрену. Есте сақтау қабілетін дамыту. Дидактикалық ойын: «Асықтарды жина»</p>			
Серуенгедайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.	Серуен № 18 Күннің көзін бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 10 Күнді бақылау.
Көктем серуен картотекасынан				

Серуенненоралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.			
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау			
Күндізгіұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау			
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	№3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	№7.«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
